

**"Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының 2020 жылғы 26 наурыздағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасының 2020 жылғы 4 мамырдағы № 14 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 14 мамырда № 20631 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 20-бабының 11) тармақшасына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-2-бабының 5) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының 2020 жылғы 26 наурыздағы № 12 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20197 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне 2020 жылдың 3 ақпанында жарияланды) келесі өзгеріс енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясына оқуға қабылдау қағидаларының 6-қосымшасы осы бұйрыққа Қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппараты):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

*Жоғарғы Сотының Төрағасы*

*Ж. АСАНОВ*

Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Соты Төрағасының  
2020 жылғы 4 мамырдағы № 14  
бұйрығына қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының жанындағы

## **Бағалаудың 100 балдық шкала бойынша бағаларды ауыстыру жүйесі\***

Бағалаудың 100 балдық шкала бойынша балдар	Бағалаудың 5 балдық шкала бойынша балдар
90 - 100	Өте жақсы (5)
75 - 89	Жақсы (4)
60 - 74	Қанағаттанарлық (3)
0 - 59	Қанағаттанарлықсыз (2)

\* Шет тілі бойынша 0-ден 29-ға дейін балл "қанағаттанарлықсыз" деген бағаға сәйкес